



"Өскемен қаласының Құрметті азаматы" атағын беру ережесі туралы

Күшін жойған

ІІІ шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының ХІV сессиясының 2005 жылғы 6 маусымдағы N 14/7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2005 жылғы 1 шілдеде N 5-1-2 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2007 жылғы 23 қазандағы № 2/15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 23.10.2007 № 2/15 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Өскемен қаласының Құрметті азаматы" атағын беру туралы ереже бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды бюджет және әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап өз күшіне енеді.

4. Шешім 2005 жылғы 1 шілдеден бастап іске қосылады.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Қалалық мәслихаттың
2005 жылғы 6 маусымдағы
N 14/7 шешіміне
қосымша

"Өскемен қаласының Құрметті азаматы"

атағын беру туралы

ЕРЕЖЕ

1. "Өскемен қаласының Құрметті азаматы" атағы азаматтарға қоғам игілігіне жасаған қала алдында көрнекті, қоғамдық, шығармашылық, қайырымдылық қызметі үшін беріледі.

2. "Өскемен қаласының Құрметті азаматы" атағын беруге ұсынысты, еңбек ұжымдары, қоғамдық бірлестіктері, азаматтар жиналысының ұсыныстары негізінде қала әкімі береді.

3. Қала әкімі ұсынысты қалалық мәслихаттың ағымдағы жылдың 25 мамырынан кешіктірмей екі кандидатураға енгізеді. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2007 жылғы 15 ақпандағы N 31/5 шешімімен.

Ұсынылып отырған кандидатқа қала әкімінің аппараты қалалық мәслихатқа мынадай құжаттарды ұсынады:

1) азаматтар жиналысының, қоғамдық бірлестіктерінің, жұмыс ұжымының хаттамасы;

2) өндірістік, шығармашылық, қайырымдылық қызметіндегі нақты зор еңбектері көрсетілген мінездеме, қала экономикасының қаржы және өндірістік саласының дамуына қосқан үлесі туралы мәліметтер, мерзімдері көрсетілген үкіметтік және басқа да наградалардың тізімі;

3) кандидаттың өмірбаяны;

4) 3 x 4 = 2 дана және 6 x 9 = 2 дана фотосуреттер.

4. "Өскемен қаласының Құрметті азаматы" атағы Қала күніне қарсы беріледі.

5. Әлеуметтік инфрақұрылым және бюджет мәселелері жөніндегі комиссия қалалық мәслихаттың сессиясында қарастыруға ұсынылып отырған кандидаттардың қорытындысын даярлайды.

6. Атақ мәслихат сессиясында беріледі, шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

7. Құрметті атағын иеленген тұлғаға қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында немесе еңбек ұжымында салтанатты түрде куәлік, кеуде белгісі тапсырылады және оның есімі қалалық мәслихат аппаратында сақталынатын қаланың Құрметті азаматтары Кітәбына енгізіледі.

"Өскемен қаласының Құрметті азаматы" кеуде белгісі сары түсті металлдан дайындалады, ол мөлшері 3,5 x 2,2 см классикалық үлгідегі қалқа болып табылады.

Белгінің бет жағында Өскемен қаласының елтаңбасы бейнеленген, қалқаның үстінде желбіреп тұрған қызыл бауында мемлекеттік тілде "Құрметті азамат" деген жазуы бар.

8. Куәлік, кеуде белгісін дайындаудағы шығыстар қалалық мәслихаттың қызметін қамтамасыз етудегі қалалық бюджетте қаралған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

9. Қаланың Құрметті азаматтарына, басқа нормативтік актілер бойынша қолда бар әлеуметтік қолдауға қарамастан ай сайын айлық есеп көрсеткішінің 1,4 мөлшеріндегі арнайы жәрдемақы төленіп, қалалық жолаушылар көлігінде тегін жүру беріледі (таксиден басқа).

Қалалық мәслихаттың хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК